## Жинақтаушы зейнетақы қорларының, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшы лауазымдарын кандидаттар біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы Ереже

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 27 тамыз N 4-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 366. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 135 бұйрығымен.

*Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды, бүкіл мәтін бойынша "Ұлттық зейнетақы агенттігі", "Агенттік", "Агенттікте", "Агенттікке", "Агенттікпен" деген сөздер "Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитет", "Комитет", "Комитетте", "Комитетке", "Комитетпен" деген тиісті сөздермен, соның ішінде қосымшаларда да ауыстырылды және "директор", "директорды", "директормен", "директорға" деген сөздер "төраға, төрағаны, төрағамен, төрағаға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2000 жыл 20 маусым "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңына (әрі қарай - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да заң актілері мен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитеттің (әрі қарай - Комитет) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалып, жинақтаушы зейнетақы қорлардың (әрі қарай - Қорлар), олардың филиалдары мен өкілеттіктерінің үміткер басшы қызметкерлерінің Комитеттегі біліктілік емтиханын тапсыру тәртібін реттейді.

*Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

2. Біліктілік емтиханы үміткерлердің Заң талабына сәйкестігін анықтау және кәсіпкерлігін арттыру мақсатымен жүргізіледі.

Бірінші санаттағы Қордың басшы қызметкерлері мен мамандары, екінші

санатты талап ететін лауазымдарда қызмет атқара алады.

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

3. Агенттік қордың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшы қызметкерлері бойынша тізілім жүргізеді. Комитет осы тізілімді қалыптастыру және оның ішіне кіргізілген Қорлардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшы қызметкерлері туралы мәліметтерді тексеру үшін заң қорғау және басқа мемлекеттік органдардан қажет ақпаратты сұратуға құқылы.

*Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

## 2. Қорлардың, олардың филиалдары мен өкілеттіктерінің басшы қызметкерлеріне қойылған талаптар

*Ескерту: 2-тараудың аталуы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

4. Заңның 40-бабының 1-тармағына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлері деп: жинақтаушы зейнетақы қорларының, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің атқарушы органының бірінші басшысы және олардың орынбасарлары, бас бухгалтері мен олардың орынбасарлары, филиал мен өкілдіктің бірінші басшысы мен бас бухгалтері танылады.

5. <*>

*Ескерту: 5-тармақ алынып тасталынды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

6. Заң бойынша, Қордың, олардың филиалдары мен өкілеттіктеріндегі тағайындалған лауазымына сәйкессіз болып табылады, немесе, басшы лауазымдарға тағайындала алмайды:

1) жоғары білімі жоқтар;

2) заңда белгіленген тәртіп бойынша сотталғандығы барлар;

3) өткенде банкроттыққа ұшыраған немесе санацияланған, яки аталған адамның басшылығы кезінде еріксіз жойылған заңды тұлғаның лауазымды адамы.

*Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты*

*әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

7. Қордың қызметі басталар алдында, басшы және бас бухгалтер Комитетте біліктілік емтиханын тапсыруы тиіс. Қордың филиалы мен өкілеттіктерінің басшысы мен бас бухгалтері, Қордың филиалы мен өкілеттігінің ашылуына Комитет рұқсат бергеннен кейін, екі ай аралығында емтихан тапсыруға міндетті.

*Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

8. < * >

*Ескерту: 8-тармақ алынып тасталынды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

9. Бас бухгалтерлік қызметке үміткер адамның бухгалтерлік еңбек өкілі 3 жылдан кем емес болуы қажет.

*ЕСКЕРТУ. ІІ-бөлім 7, 8 және 9 тармақтармен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.05.22. N 67* бұйрығымен .

**3. Біліктілік емтиханын тапсыру құжаттарын әзірлеу тәртібі**

*ЕСКЕРТУ. 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 тармақтары 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 , 17, 18, 19 тармақтар болып саналды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998.05.22. N 67* бұйрығымен .

*Ескерту: ІІІ тараудың аталуы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

10. Қордың, оның филиалдары мен өкілеттіктерінің басшысы және маманы лауазымына біліктілік емтиханын тапсырушы үміткерлер Комитетке төменде аталған құжаттарын тапсырады:

1) біліктілік емтиханын тапсырушы үміткердің өтінішін (1 қосымша);

2) сауалнамасын (2 қосымша);

3) тігілген және беттері нөмірленген, куәландырылған еңбек кітапшасының, немесе дербес еңбек шартының көшірмесін үміткерлердің жұмыс орны мен жұмыс өткенін куәландыратын жұмысқа алу және жұмыстан босату туралы

бұйрықтардың көшірмесін;

4) білімі жөніндегі нотариалды куәландырылған құжатының көшірмесі (басшы қызметкерлердің - жоғары білімі туралы);

5) шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды жалдаған жағдайда-шетел мамандарын және білікті жұмысшыларды тартуға (жұмысқа қабылдау) лицензиясының көшірмесін.

*Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

11. <*>

*Ескерту: 11-тармақ алынып тасталынды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

12. Комитет кандидатқа біліктілік емтиханын тапсырғанға дейін қол қою құқығымен лауазымдық тұлғаның міндеттерін атқаруға екі айдан аспайтын мүмкіндік береді.

*Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

13. <*>

*Ескерту: 13-тармақ алынып тасталынды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

## 4. Комитеттің біліктілік комиссиясы

*Ескерту: IV тараудың аталуы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

14. Жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы лауазымына тағайындауға жататын кандидатуралардың кәсіптік деңгейін объективті бағалау үшін Комитетте біліктілік комиссиясы құрылады.

15. Агенттікте біліктілік емтиханын сәтті тапсырған кандидатқа өтініште көрсетілген Қордың, оның филиалы мен өкілдігінің басшы лауазымын иеленуге арналған құқықты куәландыратын біліктілік комиссиясы мәжілісінің хаттамасынан көшірім беріледі.

Біліктілік комиссиясының төрағасы болып Комитеттің төрағасы есептеледі. Комитеттің төрағасы болмаған кезде, оның міндетін атқарушы тұлға орындайды.

Біліктілік комиссиясының ісін жүргізу Комитет төрағасының бұйрығымен тағайындалған хатшыға жүктеледі.

*Ескерту: 15-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

16. Комитеттің біліктілік комиссиясының отырыстары, әдетте, айына бір рет және оның кемінде 4 мүшесі болған кезде өткізіледі. Шешім отырысқа қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде біліктілік комиссиясы төрағасының даусы шешуші болып табылады .

17. Кандидатураның Қорлардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшы лауазымын иеленуге сәйкестігі туралы біліктілік комиссиясының шешімі біліктілік емтиханының нәтижелері бойынша айқындалады және хаттамамен ресімделеді.

18. Комитетте емтиханды тапсырған үміткерге, Қордағы оның филиалдары мен өкілеттіктеріндегі басшы лауазымдарды алып жүру құқығын анықтайтын біліктілік куәлігі беріледі.

*Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

19. <*>

*Ескерту: 19-тармақ алынып тасталынды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

20. *Ескерту: 20-тармақ алынып тасталынды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

## 5. Біліктілік емтиханын өткізу

*Ескерту: Ереже 5 тараумен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

21. Осы Ереженің 10-тармағына сәйкестелген құжаттарды алысымен, біліктілік комиссиясы үміткерлердің біліктілік емтиханына қатысуы мәселесін қарап, емтиханның болатын күні мен уақытын белгілейді.

22. Емтихан болатын күнінен 10 күн ілгері, Біліктілік комиссиясы емтихан тапсырушы үміткерлердің тізімін бекітіп, емтихан тапсыру орны мен уақыты хабарланады.

23. Біліктілік комиссиясының хабарламасын алысымен, Қор міндетті түрде, үміткерлердің емтиханға қатысуына рұқсат берілгені (берілмегені) емтихан өту орны, күні уақыты туралы хабарлайды.

24. Емтихан тапсырушы үміткердің жеке басын куәландыратын құжаты болуға тиіс.

25. Үміткерлердің емтиханы екі кезеңде өтеді:

1) бірінші кезең-тест жүргізу;

2) екінші кезең-ауызша емтихан;

26. Емтихан барысында үміткерлерге оқу құралдарын, анықтама, арнайы және басқа да әдебиетті, жазбаларды (соның ішінде электрондық түрін) пайдалануға тыйым салынады. Қойылған талаптарды бұзған жағдайда, немесе, емтихан тапсыруға ішімдік, есірткі, улы заттар қызуымен келген үміткер емтиханнан шығарылып, емтиханды тапсырмаған болып есептеледі.

27. Тест жүргізу кезінде үміткерге варианттардың бір түрі ұсынылады. Сұрақтардың саны 50-ден аспауға тиіс. Тест сұрақтарына дұрыс жауап берілгендігін комиссия хатшысы немесе Біліктілік комиссиясының мүшесі анықтайды (техникалық бағдарлама арқылы жүргізілген тест қорытындысы автоматты шығады).

Ауызша емтиханға тестің 60 пайызына дұрыс жауап берген үміткер жіберіледі. Тест бойынша кем мөлшері дұрыс жауап берген үміткер емтиханнан өтпеген болып есептеледі.

28. Ауызша емтихан бойынша үміткер билеттегі үш сұраққа жауап беруге тиісті.

Әрбір аттестация бойынша емтихан билеттері бөлек дайындалып, нөмірленеді.

Ауызша емтиханды төрт адамнан кем емес Біліктілік комиссиясының мүшесі қабылдайды. Үміткерлердің жауабын бағалау осы Ереженің 3 қосымшасындағы емтихандық билеттері үлгісі бойынша жүргізіледі. Ауызша емтиханның нәтижесі екі баллды жүйе бойынша - "сынақтан өтті", "сынақтан өткен жоқ" деп бағаланады. "Сынақтан өткен жоқ" деп бағаланған үміткер біліктілік емтиханын тапсыра алмаған болып есептеледі.

29. Емтиханнан өтпеді деп танылған үміткер шағым беруге құқылы.

Шағым Комитет төрағасының бұйрығымен тағайындалған Шағым

комиссиясы құрамына кіретін екі мүшесі және Шағым комиссияның төрағасымен қаралады. Біліктілік комиссиясының төрағасы мен мүшелері бір мезгілде Шағым комиссиясының мүшесі бола алмайды.

Емтиханнан өтпеді деп танылған үміткер өзінің шағымын жазбаша түрде, негізгі кінәраттарын мазмұндап, танылған күнінен кешіктірмей тапсыруға тиісті.

Шағым комиссиясы шағымды түскен күннен бастап, үш жұмыс күні аралығында карауға тиісті. Қарау қорытындысы хаттамамен ресімделіп, Шағым комиссиясының барлық мүшелерінің қолы қойылып, орындау үшін Біліктілік комиссиясына тапсырылады.

30. Біліктілік емтиханынан өтпеді деп танылған үміткер бір айдан кейін, емтиханнан өтпеді деп танылған біліктілік емтиханын өткізу міндеттерінің орындалу мерзімінен кешіктірмей, емтихан тапсыруын қайталауға құқы бар. Біліктілік емтиханын қайта тапсыру туралы еркін түрде жазған өтінішін үміткер Біліктілік комиссиясының төрағасы атына тапсырады.

## 6. Біліктілік куәліктері. Біліктілік куәлігін қайтару

*Ескерту: Ереже 6 тараумен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

31. Біліктілік емтиханын тапсырған үміткерге мемлекеттік және орыс тілінде жазуы бар біліктілік куәлігі беріледі. (4 қосымша)

32. Біліктілік комиссиясының хатшысы берілген, мерзімі ұзартылған, қолданылу мерзімі тоқтатылған және қайтарылған куәліктердің журналын жүргізеді.

33. Біліктілік куәліктері Комитетте беріледі.

34. Біліктілік куәлігінің иегері, мерзімі бітісімен, осы Ережеге сәйкес жұмыс өткелі бір жылдан кем емес жағдайда, емтиханды қайта тапсыруға құқы бар.

35. Емтиханды қайта тапсыру осы Ереженің 22-29 тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

36. Емтиханды қайта тапсыру барысында табысты нәтижеге жеткен үміткердің біліктілік куәлігін қолдану мерзімі үш жылға ұзартылады, біліктілік куәлігіне арнайы баға қойылып, тапсырылған куәліктер журналына тиісті жазбалар енгізіледі.

37. Егерде, емтиханды тапсыру барысында біліктілік куәлігінің иегері емтиханнан өтпеді деп танылған жағдайда, біліктілік куәлігі үш күннің ішінде қайтарылады.

38. Біліктілік комиссиясының ұсынысы бойынша, Комитеттің шешімі мен мерзімі бір айдан үш айға дейін біліктілік куәлігін қолдануға тоқтату салуына

негіз болатын жағдайлар:

1) біліктілік емтиханын тапсырушы біліктілік куәлігінің иегері Қорға немесе Біліктілік комиссиясына тапсырған құжаттарында жалған мәліметтер бергенінде;

2) біліктілік куәлігі иегерінің кезекті біліктілік емтиханын тапсыра алмағандығын мойындауы;

3) қылмыс жасаған біліктілік куәлігінің иегеріне қатысты соттың шешімінің заңды күшіне енуі.

39. Біліктілік куәлігі қайтарылған жағдайда:

1) Комитет, біліктілік куәлігі қайтарылған тұлғаның жұмыс орнына хабарлайды;

2) Қор, біліктілік куәлігі қайтарылған қызметкерін, Комитеттің ескертуін алған заматтан, қызмет атқаруда шеттетіп, ол жөнінде Комитетті 3 күндік мерзімде хабардар етеді.

**7. Қорытынды ережелері**

*Ескерту: Ереже VII тараумен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

40. Үміткерлерді біліктілік емтиханына дайындауды Оқу орталықтары атқарады.

41. Үміткер, Оқу орталығында алдын ала дайындықтан өтпей, біліктілік емтиханын тапсыруға құқылы.

42. Комитеттің шешімімен келіспеген жағдайда, үміткер сот арқылы шағымдануға мүмкіншілігі бар.

N 1 қосымшасы

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитеттің біліктілік комиссиясының төрағасы

______________________

______________________

(аты-жөні)

*Ескерту: 1 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

**Өтініші**

Жинақтаушы зейнетақы қорының, филиалының, өкілеттігінің басшы лауазымына біліктілік емтиханын тапсыруға маған рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қосымша құжаттардың тізімі:

а) лауазымға үміткердің сауалнамасы;

б) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалды куәландырылған ксерокөшірмесі;

в) төлқұжатының (жеке куәлігінің) ксерокөшірмесі;

г) жойылмаған, жабылмаған сотталғандығы туралы ақпараты (Бас прокуратураның жанындағы АжҚСО-нан);

д) белгіленген тәртіппен куәландырылған еңбек кітапшасының ксерокөшірмесі.

Тегі, аты-жөні қолы№

Үміткердің

______________ __________200_

N 2 қосымшасы

**ҮМІТКЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ**

_____________________________________________________________

лауазымы, қордың, филиалдың, өкілеттіктің атауы

суреті

Үміткердің өмірбаяны туралы мәліметтер

1. Тегі____________________________ Аты ______________________ жөні_________________________________________________________

2. Бұрын қолданылған тегі туралы, өзгерту себептері көрсетіп мәлімделсін.

_____________________________________________________________

тегі, қолданылған уақыты, қолдану (өзгерту) себептері

3. Туған жылы, күні, айы _____________________________________

_____________________________________________________________

4. Туған жері ________________________________________________

_____________________________________________________________

5. Ұлты_______________________________________________________

6. Отбасы жағдайы ____________________________________________

7. Толық мекен жайы ______________________________________________________

_____________________________________________________________

_____________________________________________________________

8. Азаматтығы_______________________________________________

9. Жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

10. Телефон нөмірі______________________________
______________________________________________
(код, үй, жұмыс, мобильді нөмірлері көрсетілсін)

11. Білімі және жұмыс тәжірибесі (біліктілігін арттыру курстарды қоса).
______________________________________________

| Оқу орны | бітірген жылы | мамандығы | диплом сертификат | оқу орнының орналасқан жері |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

диплом, сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі тіркелсін.

12. Қызметтік және ғылыми жұмыстары туралы қосымша мәліметтері
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

13. Еңбек жылдары атқарған жұмысы (бөлек бетте қосымша ретінде берілсін)

14. соңғы лауазымы (мекеменің атауы, жұмыс сипаты, лауазымға тағайындалған уақыты)

15. біліктілігіңізді анықтайтын басқа да маңызды ақпаратты беруіңізге болады
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

**ҮМІТКЕР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР**

1. Соңғы мекен жайыңыз. Кері хронология тәртібінде, соңғы бес жылда тұрған жеріңізді көрсетіңіз. Тұрған мерзімін көрсетіңіз.

Қала обылыс________________________________________________
көше ________________________________________үй__________пошта индексі
_______________________________________________________________
________нан дейін ____________________
(айы, жылы)

2. Сот ісіне жауапкер немесе жауапкер мекеменің атынан лауазымды тұлға ретінде қатысқаныңыз бар ма? (иә, жоқ), қатысқан жағдайда, төмендегі кесте бойынша толық ақпарат беріңіз:

| Сот ісінің аты, сипаты | мерзімі | соттың мекен жайы, атауы | Соттың шешімі | талап сомасы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

3. Заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген, алынбаған сотталғандығыңыз бар ма?________________________________________
_______________________________________________________________

4. Сіз басқарған кәсіпорын, банк қаржылық тапшылыққа, өтелмес қарызға, санацияға, лажсыз жойылуға ұшырады ма? Ұшыраған себептері ____________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________

Мәселені шешу нәтижесі__________________________________________
_______________________________________________________________

**САУАЛНАМАДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ МАҚҰЛДАУ**

Осы өмірбаяндылы жабық ақпараттардың толық және шынайы екендігін мақұлдаймын, Комитетке негіз болатын, басшы лауазымға тағайындалатын келісімнен бас тартып, акционерлер алдында тағайындалған лауазымнан босату туралы мәселе қоюға себеп болған мәліметтерді, бұрмалауды және қателіктерді мойындаймын. Менің жеке өмірбаянымдағы барлық мәнді өзгерістер туралы Комитетті хабардар етуге міндеттенемін.

_________________________________
(Тегі, аты жөні баспа әріппен жазылсын)

_________________________________________(қолы)

________________(қол қойылған күні)

N 3 қосымшасы

*Ескерту: 3 қосымшамен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитеті

**Емтихан ведомості**

Біліктілік емтиханы өткізілген уақыты: __________________ 20___

Біліктілік комиссиясы төрағасының тегі, аты-жөні

______________________________________________________________________

| рет. N | үміткер | тест қорытындысы | билет N | N 1 сұрақ | N 2 сұрақ | N3 сұрақ | қосымша сұрақ | қорытындысы: "сынақтан өтті" сынақтан өткен жоқ" |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

(Біліктілік комиссиясы төрағасының қолы)

(Біліктілік комиссиясы хатшысының қолы)

N 4 қосымшасы

*Ескерту: 4 қосымшамен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 156-Ө* бұйрығымен .

**Біліктілік куәлігі**

**N__________________**

Куәлік берілген ______________________________________________

______________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты ілік септікте жазылады)

Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитеттің біліктілік комиссиясының шешімі бойынша, ___________________________________________жинақтаушы зейнетақы

уақыт форматы "ХХ" айы ХХХХ жылы"

қорларында_____________________________________________________

қызмет атқаруға рұқсат беріледі.

Қолдану мерзімі

______________________________

"ХХ" айы "ХХХХ" жылы

Біліктілік комиссиясының төрағасы (қолы) (тегі, аты)

Біліктілік комиссиясының хатшысы (қолы) (тегі, аты)

М.О.(Комитет мөрінің таңбасы) Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК